

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 131 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 27 сәуірде № 8277 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 1-1) тармақшасына, 69 бабының 4 тармағына және 71-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Мұғалжар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "ERG Exploration" акционерлік қоғамымен пайдалы қазбаларды барлау үшін, Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округі аумағында орналасқан жалпы алаңы 13602 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2026 жылдың 28 шілдесіне дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Мұғалжар ауданы бойынша жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар ауданының әкімі

А. Шериязданов